

Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының Құрмантаев көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 5 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 ақпанда № 5457 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 29.04.2020 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 02-05/40 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Ақбұлақ ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақбұлақ ауылының Құрмантаев көшесі № 112 үйде құтыру ауруының ошағы анықталуына байланысты Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының Құрмантаев көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

А. Керимов

